

ТАБИҒАТ ТАҢҒАЖАЙЫПТАРЫНА САЯХАТ


Қазақ жерінің кеңдігі, сыры мол табиғат ғажайыптарының көптігі әрбір азаматтың бойында мақтаныш сезімін оята алады. Университет ректоры Ж.У. Мырхалықовтың бастамасымен өткізілген «Біз ЭКСПО-ны қолдаймыз» шарасы негізінде Оңтүстік Қазақстан өңірінің тарихи, мәдени орындарын көрсету мақсатында «Өлкетану» үйірмесі ашылған болатын.

Тарихи ескерткіштер өткен күннен сыр шертіп, ата-бабадан келе жатқан мұраға деген құрметті қалыптастырады. Үйірме жұмыс жоспарына сай тәрбиенің тамыры болған тарихты насихаттауды және Отанға, туған өлкеге деген патриоттық сезімді қалыптастыруды мақсат етеді. Университет ректорының қолдауымен «Біз ЭКСПО-ны қолдаймыз!» ұранын басшылыққа алып, Оңтүстік Қазақстан өлкесінің сыры мол, қасиеті жұмбақ орындарымен танысу мақсатында экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсияға Тәрбие ісі

және жастар саясаты департаменті мамандары, факультет аға тәлімгерлері «Өлкетану» үйірмесінің мүшелері мен университеттің белсенді студенттер шықты.

Экскурсия Қазығұрт тауының етегіндегі халық арасында «Ғайып ерегі қырық пілтен», «Тамшы бұлақ», «Ақ бура» сынды атаулармен сақталған тарихи орындарға, сонымен қатар Нұх Пайғамбар кемесі келіп тоқтаған шыңға жасалды. Әрбір барған орынның пайда болуы, сақталуы экскурсия мүшелеріне насихатталып, өлкенің сан мыңдаған жылдық терең тарихын көз жеткізді. Осылайша, өңір сұлулығын, ұлттық мұрасын көрсетуді мақсат еткен экскурсия өз үдесінен шыға алды.

А.МУХТАРҚЫЗЫ, ТІЖЖСД маманы



EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan